



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілдігі

МЕШИТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҮШІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Шымкент, 2015ж.

УДК-28
ББК-86.38
Е-85

МЕШІТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҮШІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
ОҚО бойынша өкіл имамы Ахметжан қажы Керімбектің
бастамасымен қолға алынды*

Жинақтаған: Мұхамеджан Естеміров,
облыс имамының орынбасары, дінтанушы

Кітапшаға «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің филиалы болып табылатын мешіт қызметкерлерінің Астанада өткен Имамдардың форумында қабылданған эткасы мен міндеттері т.б. енгізіліп отыр.

ISBN

«АЗИАТ» баспа үйі, 2013

«Еліміздегі дәстүрлі исламның бірден - бір мойындалған құрылымы – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. Діни қатынастарды реттейтін жақында қабылданған Заңда мемлекет халқымыздың рухани өмірінде исламның ханафи бағытының орны мен рөлін мойындайтыны атап көрсетілді. Бұл – өте дұрыс. Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық татулық пен тағаттылықты нығайтуға бағытталған. Бізде діни сенім бостандығына Конституция кепілдік береді. Діни басқарма өкілдері тек дін саласында ғана емес, өзге салаларда да өз білім-біліктерін арттыруға тиіс».

***Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаев***

«Біздің бағытымыз – дәстүрлі Әбу Ханифа мазхабы мен Матуриди акидасын берік ұстану және оны насихаттау болып қала береді. Сонымен қатар, мешіт жамағатын мұсылмандардың ауызбірлігі мен еліміздің ынтымағын нығайта түсу үшін дәстүрлі ханафи мазхабын ұстануға үндейміз.»

***Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы***

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Құрметті мешіт қызметкері!

Бұл “Мешіт қызметкері үшін әдістемелік құрал” атты кітапшада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ОҚО бойынша өкілдігіне қарасты мешіттер қызметкерлерінің этикасы, аудан, қала, ауылдық мешіт қызметкерлері имам, азаншы, хатшы, тазалықшы секілді қызметкерлердің жұмыс жүргізу міндеттемелері мен жұмыс жүргізудің тәртіптері, т.б. мағлұматтар енгізілген. Соның ішінде, кітапшаға Астана қаласында өткен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының имамдар форумында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметкерінің этикасы енгізіліп отыр. Әрбір мешіт қызметкері осы қабылданған ереже бойынша жұмыс жасау қажет.

Жалпы, әрбір дін өкілі еліміздің бірлігі мен ынтымағына қызмет ету аса маңызды деп санаймыз.

Жинақтаушыдан

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти

ДІНИ БАСҚАРМАНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бері жоралы жұрт, ұлағатты ұлт болып қалыптасуының, өнегелі өмір сүруінің негізі болған, адамгершілік құндылықтар діні – Ислам халқымызды, көпұлтты елімізді игілікке, бірлікке үндеді. Қазіргі уақытта дәстүрлі дініміз мемлекетіміздің рухани тірегіне айналды. 2500 мешітті бір орталыққа біріктірген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы халықтың бірлігі, мұсылман қауымының игілігі үшін қызмет етуде.

Тәуелсіз Қазақстанды жарқын болашаққа бастаған Елбасының берекелі бастамаларымен Ислам діні өркендеп, елімізде сәулеті ғажап мешіттер салынууда. Еліміздің 70 пайыз мұсылман жамағаты тыныштық пен тұрақтылық орнаған Қазақстанда Құдайға еркін құлшылық етіп, ғибратты ғұмыр кешіп жатқанын үлкен бақыт, өздеріне мәртебе санайды. Бұл – Алла Тағаланың дархан мінез, қонақжай халқымыздың кең пейіліне берген нығметі деп түсінеміз. Бүгінгідей бейбіт заманның қадірін түсініп, Тәуелсіздікті аялау – әрбір Қазақстан азаматының адамдық борышы болуы тиіс.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жұмыс бағыттары сан алуан. Бүгінгі таңда Діни басқарманың қызметін дамыту бағдарламасын әзірлеу өзекті болып отыр. Өйткені, дін – өте нәзік мәселе. Бас мүфти лауазымына сайланған сәттен бастап ҚМДБ-ның бағыт-бағдарын айқындайтын даму тұжырымдамасын жасауды қолға алдық. ҚМДБ-ның білікті, діни салада тәжірибесі мол Ғұламалар Кеңесі мен Жоғарғы Төралқа мүшелері мемлекет мүддесін, заң нормаларын ескере отырып, мұсылман қауымының арасында орын алған мәселелерді кешенді түрде шешуге арналған **Діни басқарманың 2020 жылға дейінгі қызметін**

дамыту Тұжырымдамасын қабылдады.

Тарихи құжаттың басты міндеті – мемлекетіміздің рухани тірегі болған асыл дініміздің жалпыға ортақ адамгершілік қағидаларын насихаттау, дін өкілдерін, ұлттар мен ұлыстарды ынтымаққа ұйыстыру. Бұл тарихи құжатты қабылдаудың да өзіндік үлкен себептері бар.

Халқымыздың 70 пайызын құрайтын мұсылман жамағаты ислам құндылықтарын қадір тұтып, игі амалдарға ден қойып келеді. Оның ішінде дінге бет бұрып, шариғаттың жоралғыларын орындаушылар санының артып жатқаны айқын аңғарылады.

Қазіргі таңда халықты бүлікке бастайтын діни лаңкестік әрекеттер бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Дін атын жамылған жат ағымды ұстанушылар біздің елде де көрініс тапты. Саяси мақсаттарға жету үшін исламдық діни сенімнің шынайы мағынасын бұрмалағысы келетіндер де бар.

Осы орайда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы республикалық ислами діни бірлестік ретінде Қазақстандағы исламның жаңғыру үдерістерінің басы-қасында болуы тиіс. Қоғамдағы діни саладағы келеңсіз жайттарды тиімді шешу жолдарын іздестіру – ҚМДБ-ның басты міндеттерінің бірі.

Еліміздегі діни саланы дамыту жайлы арнайы қабылданған Тұжырымдама мақсаты – исламның рухани-имандылық және адамгершілік қасиеттерін насихаттау, діни-ағартушылық, қайырымдылық жұмыстарды сапалы, тұрақты және тиімді жүргізу. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын жалпы халық пен мешіт жамағатына сапалы қызмет көрсете алатын, олардың алдында құрмет пен беделге ие қоғамдық институт дәрежесіне көтеру. Тұжырымдамада қазіргі заманғы қазақстандық мұсылман қауымының негізгі проблемаларын анықтап, қоғамдағы исламның рухани-имандылық және қайырымдылық ықпалын арттыру. Жалпыға бірдей құндылықтар мен мемлекет мүдделерін, қазақстандық заңнамалардың нормаларын ескере отырып, мұсылман қауымының арасында орын алған мәселелерді шешу жолында нақты бағыттар мен тетіктерді қарастыру міндеті қойылды. Сондай-ақ, жалпы стратегияны, исламдық діни қызметті, соның ішінде Республика аумағында ханафи

мазһабының ұстанымына сәйкес, діни ілім мен тәжірибені дамытудың тетіктері мен оларды жүзеге асыру жолдары айқындалды.

Айтакететін негізгі мәселелердің бірі – осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Конституциясының сенім бостандығы туралы бабына, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына, еліміздің 2050 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысына негізделген.

Тұжырымдама халқымыздың басым көпшілігі ұстанатын ханафилік ілімге сүйенген мұсылмандық сенімнің нығаюын қазіргі қоғам дамуымен үйлестіре отырып, 2020 жылға дейінгі кезеңін реттеп, ислам дінін насихаттайды. Құжатта мамандар дайындау, білім беру жүйесін жақсарту, кадрлық діни ахуалды тұрақтандыру және дәстүрлі дінімізді кеңінен насихаттау жұмыстары айқындалған.

Тұжырымдаманы іске асыру кезінде бірқатар нәтижелерге қол жеткізу көзделуде. Соның ішінде, ханафи мазһабы ұстанымын ел аумағында одан әрі қарай дамытып, оның әлеуетін радикалды ағымдардың идеологиясына тойтарыс беретіндей деңгейге көтеру басты мақсатымыз.

ҚМДБ-ға қарасты мешіттерге кадрлар дайындау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін әрмен қарай дамытылып, тиісті кадрлық резерв құру жоспарлануда.

Әсіресе ҚМДБ имамдарының білімі мен біліктілігін көтеру, қазіргі заманға сай діни маман болумен қатар, зайырлы қоғамның талап-мүдделерін дұрыс түсіне білетін тұлғаларға айналдыру осы Тұжырымдама шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Еліміздегі бірегей республикалық ислами діни бірлестік болып табылатын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының дәрежесін жалпы республика тұрғындары құрметтейтін қоғамдық институтқа айналдырып, осы бірлестіктің аясына елдегі бүкіл мұсылман қауымын шоғырландыру ең басты стратегиямыз екені айтпаса да түсінікті.

Осы Тұжырымдамаға мұқият қарайтын болсақ,

Қазақстандағы исламның дамуы екі кезеңге бөлініп қарастырылғанын көруге болады. Оның ішінде I кезең 2015 - 2016 жылдарды қамтыса, ал II кезеңдегі игі жұмыстар 2016 - 2020 жылдарда жүзеге асады.

ҚМДБ жанынан арнайы ғылыми-зерттеу орталығын ашып, оған аудармашы мамандарды тартуды көздеп отырмыз. Дәстүрлі Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабы және Матуриди сенімі негізіндегі еңбектерді аудару жұмыстары жоспарға енгізілді. ҚМДБ-ның жанынан баспа ашып, діни басылымдарды шығару жұмыстарын бір ізге келтіру арқылы діни ахуалды реттеу – басты назарымызда. Тұжырымдама қабылданды, енді бірқатар шараларға бел буып кірісетін боламыз. Келелі жұмыстар қолға алынып жатқанда білекті сыбанып кіріспесе болмасы анық.

Діни басқармадағы шариғат және пәтуа, оқу-ағарту, қажылық, дін істері, мешіт істері, діни сараптама, уағыз-насихат, халықаралық байланыс, т.б. бөлімдердің жұмыстарын жетілдіру өз алдына үлкен талап. Бұл жұмыстар үнемі ізденісті талап етеді. Еліміздің тұрғындарының да осы жұмыстардың нәтижесін асыға күтіп отырғандары сезініп отырмыз. Сондықтан ел үмітін ақтау үшін маңдай терімізді төгіп жұмыс жасайтын боламыз.

Мұсылман жамағатының күн сайын туындап жататын күрделі мәселелері өте көп. Оның ішінде көпшілікке жария етуге болмайтын жағдайлар туындап жатады. Осына ескере отырып, ҚМДБ жанынан тұрақты жұмыс жасайтын «**сенім телефоны**» желісін ұйымдастырып, сұрақтарға онлайн жүйесімен жауап беруді жолға қоямыз. Ел сеніміне жарап жатсақ бұдан артық абырой жоқ деп санаймын.

Келесі бір келелі мәселе еліміздің барлық өңірлерін білікті имамдармен қамтамасыз ету жұмыстары. Осыны ескере отырып білікті, көзі қарақты мамандарды жинау қажет деген шешімге келдік. Жұмысты жүйелі жүргізу – бұл да табысқа апаратын жолдың маңызды бір бөлігі. Сондықтан кадрларды да реттеу үшін ҚМДБ-ны білікті және білімді кадрлармен қамтамасыз етіп, жоғарғы діни қызметтерге кіретін кадрлық резерв құру, жаңа тағайындауларды тек сол резервтен алу жүйесін енгізгелі отырмыз.

Білікті маман шығару үшін білім беру жүйесін жетілдіру, оны заман талабына сай оңтайландырып отыру қажет. Біз Білім саласында тоқырауға жол бермеу үшін ҚМДБ-ға қарасты медреселердің оқу бағдарламаларын әл-Азхар университеті колледжінің оқу бағдарламаларына сәйкестендіре отырып, нострификациялау жүйесін осы Тұжырымдама аясында жүзеге асыратын боламыз.

Сондай ақ, бүгінгі күні интернет жүйесі жастардың ең көп назарын аударатын тақырыпқа айналды. Дінді оқығаны да, оқымағаны да интернеттен тауып алғанын, ең бірінші қайсысы көзіне ілінсе соны оқып алады да төңірегіне соны жеткізгісі келеді. Осы мәселенің оң шешімін табуына ықпал ету мақсатында Діни басқарманың ресми сайттарының рейтингісін көтеруді мақсат етіп қойдық. Осы жұмыстың бір саласы Пәтуа шығарудың ортақ жүйесі ретінде **www.fatua.kz** сайты ашуды көздеп отырмыз.

Ал, екінші кезеңде 2016-2020 жылдарға дейін келесі игі іс-шаралардың жүзеге асырылуы жоспарлануда. Оның мазмұны да елді елең еткізер жағымды жаңалықтарға толы. Шалғай елді мекендердегі имамдарымыздың жалақыға тарығып, отбасын асыраудың қамымен кейде мешіттегі қызметін ақсатып жататыны көпшілік қауымға белгілі. Имам дін жолындағы қызметін тыйын-тебенге алаңдамай атқарса деген арман көкейімізден кетпей жүргені рас.

Қазақстандағы діни қызметкерлерді айлық жалақымен қамтамасыз ету мәселесін біржола шешу ұзақ мерзімді жұмыс болғанымен, жүйеге отырған соң діндарларымыз оның да қадірін сезінер деген үміттемін.

Мен өзім жоспарсыз басталған жұмыс жолда қалдырады деп санаймын. Осы Тұжырымдама ағарту саласын да толығынан қамтып отыр. ҚМДБ ағарту жүйесін дамыту, шетелдік мамандарды елімізге шақырту жолдарын реттеу, жергілікті мамандардың білімін жетілдіруді ұйымдастыру секілді жұмыстар назарымызда болады.

Аллаға мың шүкір, егемен ел болып, басқалармен тереземіз теңесті. Алыс-жақын шет елдермен байланысымыз арта түсуде. Соның ішінде қасиетті Мекке мен Мәдина қалаларына қажылық сапарға шығу, қажылық міндетті

абыроймен атқаруға жағдай жасау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан, қажылық жұмыстарын жүргізуді бір ретке келтіретін жүйе құрып іске асыру, ҚМДБ жанынан қажылықпен айналысатын бірегей орталық ашуға қол жеткізу үлкен жоспар ретінде Тұжырымдамада көрініс тапты.

Діни сауаттылық тура жолдан тайып кетпеудің кепілі. Сауатты болу үшін оқу керек, кітаптарға үніліп, көз майын тауысу қажет. Әрбір діндарды жеке кітаппен қамтамасыз ету мүмкін емес екені де ақиқат. Бірақ кітапхана ашу арқылы оқырмандар тартып, олардың жүрегіне білім нұрын құйып жатсақ ол да ең ізгі амалдардан бірі ғой. Сондықтан, Астана және Алматы қалалары мен облыс орталықтарында жалпы оқырмандардың қолдануына қолайлы «**Діни кітапхана**» ашуға бел будық. Кітапханада дәстүрлі Имам Ағзам Әбу Ханифа және Матуриди сенімдерін насихаттайтын ҚМДБ-ның діни сараптамасынан өткізілген кітаптар орналастырылады. Жат ағымдарға тосқауыл қоюдың ең тиімді тетігі осы екеніне сенімдімін.

Тақырыпты түйіндер болсақ, Діни басқарма қызметін дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру дәстүрлі діни ұстанымдарды нығайтуға, ҚМДБ беделін арттыруға, соның негізінде қазақстандық мұсылман қауымын біріктіруге мүмкіндік береді. Алға қойылған міндеттер ҚМДБ-ның кадрлық әлеуетін нығайтуды, исламдық білімнің дамыған отандық жүйесін жасақтауды, исламдық ғылыми-зерттеу базасын құруды, ҚМДБ мен мешіттердегі қаржылық жүйенің ашықтығын арттыруды көздейді.

Осы тұрғыда, діни фактордың, атап айтқанда, исламның маңыздылығы басты назарға алынады. Бұл Тұжырымдама қоғамдағы тұрақтылық пен ынтымақты нығайтуға серпін береді деген сенімдемін.

Халқымыздың бірлігі мен берекесі артып, ауызбіршілігіміз нығая берсін деп тілейміз. Алла Тағала Тәуелсіздігімізді мәңгілік етіп, болашаққа басқан қадамымызды берекелі еткей! Тілегіміз қабыл, мұратымыз асыл болғай! Әмин!



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ИМАМДАР ФОРУМЫНДА
Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы қызметкерінің

ЭТИКАСЫ



*«Алла Тағала кімге жақсылықты қаласа,
соған дінді терең түсінуді нәсіп етеді»*

(хадис)

ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

Діни қызмет – мәртебелі міндет және имам-молдалардан жоғары адамгершілік құндылықтар талап етеді.

Ислам дінінің қызметкерлері барлық білімі мен тәжірибесін ел бірлігін нығайтуға, имандылығын арттыруға жұмсайды.

Дін қызметкерлері жұмыс барысында Алланың әмірін басшылыққа ала отырып, өмірінің барлық кезеңінде хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетін үлгі тұтады, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын ескереді.

Отанына, Қазақстан Республикасының азаматтарына, мұсылман үмбетіне, ел игілігіне қалтқысыз қызмет етеді.

1. Қызметке қатысты әдептер

ҚМДБ қызметкерлері:

1) Ислам дінінің негізгі қайнары Құран Кәрім мен Пайғамбар Сүннетін негізге алуы;

2) Қазақстан Республикасы Конституциясын және Заңдарын басшылыққа алуы;

3) Елбасының халық бірлігіне және қоғамның тұрақтылығына бағытталған саясатын қолдауы;

4) елімізде бірлікті, ұлтаралық-дінаралық келісімді нығайтуға ықпал етуі;

5) Қазақстандағы түрлі дін өкілдеріне және олардың діни ұстанымдары мен көзқарастарына құрметпен қарауы;

6) Тұрғындарға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мен әңгімелесу барысында діни алауыздықтың туындауына жол бермеу;

7) Қазақстан мұсылмандары Құрылтайында қабылданған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (бұдан әрі – ҚМДБ) Жарғысын, мешіт Ережесін, Бас мүфтидің бұйрықтарын, Төралқа қаулыларын басшылыққа ала отырып, қоғам мен діннің игілігіне қызмет етуі;

8) шариғат мәселелерін толық меңгеруі, Құран Кәрімді жақсы оқуы, халыққа Исламның шарттары мен талаптарын, діни түсініктерді дұрыс жеткізе білуі;

9) ғаламтор, заманауи ақпарат алмасу және байланыс құралдарын жетік меңгеруі, шешендік өнер мен сөйлеу әдебін игеруі;

10) сеніп тапсырылған діни мекеме мен мешіт мүліктерін ұқыпты ұстауы, оны жеке мүддесіне пайдаланбауы;

11) мешітке келушілерге көркем мінез көрсетуі, олардың өтініштері бойынша қажетті шараларды жүзеге асыруы;

12) қарамағындағы қызметкерлері және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы;

13) өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ, табандылықпен және сапалы атқаруы, бекітілген киім кию әдебін сақтауы;

14) өзінің іс-әрекеттері арқылы Ислам атына кір келтірмеуі, мешітке қаржы немесе басқалай түрде түскен қайыр-садақаны мешіттің қажетіне, мұқтаж жандарға жұмсауы;

15) жұмыс уақытын тиімді пайдалануы, жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауы, белсенді болуы, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы әрі тиімді әдістерін қолдануы;

16) қызметтік міндеттерін орындау барысында туыстық және жерлестік белгілері бойынша қиянат жасауға жол бермеуі;

17) қарамағындағы қызметкерлердің мүмкіндік шеңберінен тыс, қабілеті жетпейтін, қызметтік міндетіне

жатпайтын тапсырмалар жүктемеуі;

18) қол астындағы қызметкерлері мен әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілік көрсетуге, адами қадір-қасиетін кемсітуге жол бермеуі;

19) мешіт, медресе, намазхана, басқа да діни орындардың ішіндегі белгіленбеген орындарда сауда жасамауы;

20) өзін жан-жақты дамытуы, қосымша ілім алуы, зайырлы білімдерді меңгеруі, үгіт-насихат жұмыстарында уағызды Қазақстан тарихымен, салт-дәстүрмен, әдеп-ғұрыппен, би-шешендердің қанатты сөздерімен, мақал-мәтелдермен ұштастырып, қазақхалқының ұлы тұлғаларының (әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұни, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, т.б.) өсиет өлеңдері және ғибратты әңгімелерімен көркемдеп айтуы;

21) жеке басының тақуалығын арттыруы, намазға, барлық құлшылықтарға аса ыждаһаттылықпен қарауы, бес уақыт намаз бен жұма, айт, жаназа намаздарын өзі атқаруы;

22) мешітті ғибадат орны, сондай-ақ, ғылым-білім, мәдениет, әдеп, инабаттылық пен имандылық ордасына айналдыруы;

23) шарифат мәселелерінде Әбу Ханифа мәзһабының, ал, ақидалық және діни-танымдық мәселелерде Матуриди мектебінің пікірлерін басшылыққа алуы;

24) халықпен жұмыс жасағанда аймақтағы тілдік, мәдени, рухани ерекшеліктерге жіті мән беріп, жергілікті тұрғындармен санаса білуі;

25) діни қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір алмасуларды көркем түрде, әдеппен жүргізуі, өзге діни ағым өкілдерімен пікірталаста өз көзқарасы мен пікірін таңбай, даналық көрсетіп, биязылық танытуы, дәрекілікке жол бермеуі;

26) Діни басқармаға қатысты жағымсыз пікір таратпауы, арсыз, ғайбат сөздерге жол бермеуі, әріптестерінің

жеке басына қатысты сырын ашпауы;

27) өз қатесін мойындай білуі және кемшілігін түзеуге тырысуы;

28) діни қызмет саласында мансапқор, мақтансүйгіш болмауы;

29) ұжымда іскерлік танытып, қызметкерлер арасындағы ынтымақ, бауырмалдық құндылықтарды арттыруға ықпал етуі, олардың отбасы, әлеуметтік жағдайына мән беруі, ұжымда кез-келген мәселе көрініс берген жағдайда дер кезінде орынды, оңтайлы шешім қабылдауы;

30) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде көрсетілген талаптарды сақтауы, қызметкерлердің белгіленген жұмыс уақытын қадағалауы, жалақы, еңбек демалысы, т.б. жағдайларды уақытылы реттеп отыруы;

31) қызмет барысында жеке мүдде үшін коммерциялық, үкіметтік емес ұйымдардың, отандық және шетелдік қоғамдық қорлардың, түрлі компаниялардың, саяси ұйымдардың жұмысын насихаттамауы немесе қызметкерлерді осындай жұмыстарға пайдаланбауы;

32) Діни басқарма атынан, діни бірлестікке және жалпы Исламның имиджіне нұқсан келтіретін орынсыз мәлімдемелер мен түсініктемелер бермеуі тиіс.

2. Отбасы мен қоғамға қатысты әдептер

ҚМДБ қызметкерлері – қоғамның тәрбиешілері. Адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюда әуелі дін қызметшілерінің өздері үлгілі отбасы болуы тиіс.

Ол үшін:

1) мұсылманшылыққа, мешітке кір келтіретін теріс қылықтардан, кикілжіңнен алыс болуы;

2) Отбасы мүшелеріне барлық жағынан қамқор болуы:

- ата-аналарды құрметтеу, лайықты өмірлерін қамтамасыз ету;

- зайыбын құрметтеу және оны қолдау, азаматтық құқықтарын шектемеу;

- балаларын дәстүрлі құндылықтар рухында тәрбиелеу, білімге, отансүйгіштікке баулу және барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету.

3) көршілерімен, туған-туыстарымен жақсы қарым-қатынаста болуы, оларға әрдайым құрмет көрсетуі, қайғысы мен қуанышына үнемі ортақтасып отыруы;

4) әрдайым игі істер мен қайырымдылық шараларына өзі бастамашы болуы, қоғамды ізгілікке бастауы;

5) қоғамдық іс-шараларға қатысып, белсенділік танытуы тиіс.

Қызметке тағайындалған сәттен дін қызметшілері **«Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы қызметкерінің Этикасымен»** жазбаша түрде танысуға міндетті.

ОТАНДЫ СҮЮ ЖӘНЕ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Аса мейірімді, рахымды Алланың атымен.

Барлық мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына салауат пен сәлем болғай!

Отанға деген ыстық сезім, ықылас – жалпы адамзаттық адамгершілік қасиет, адамдар арасында қалыптасқан табиғи сипат.

Ислам діні адам бойында болатын ізгі қасиеттердің барлығын қолдайды. Адамдарды татулыққа, бірлікке, сүйіспеншілік сезімдерін қастерлеуге шақырады. Соның ішінде Отанға деген сүйіспеншіліктің алатын орны ерекше. Отан дегеніміз – адамның туған шаңырағы, ата-анасы, ағайындары, өскен ортасы, туған жері мен елі. Ал, Отанға деген ыстық сезім, ықылас жалпыадамзаттық қасиет, адамдар арасында қалыптасқан табиғи сезім.

Жалпы отаншылдық, патриотизм – асыл дініміздің ұстанымымен тығыз ұштасып жатқан ұғымдар.

Бұған қатысты Алла елшісінің (с.а.с.) өмірінен нақты дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің туған шаһары Мекке қаласына айрықша ықыласпен қараған. Мәдина шаһарына қоныс аударып, сонда орнықса да, алғашқы туған қаласын әсте ұмытпаған. Муһажир сахабаларымен бірге Меккені сағынышпен еске алып отырған.

Ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (с.а.с.) Меккеге қарап тұрып: *«Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда сенен басқа жерде тұрақтамас едім»,* – деген[1].

Әрбір адамның табиғаты туған жерімен тығыз байланысты. Сондықтан да оған туған жердің ауасы да, топырағы да дертке дәру.

Айша анамыздан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) науқасқа дұға жасағанда: *«Алланың атымен. Жеріміздің топырағы, аузымыздың суы. Ауруымыз Раббымыз қалауымен жазылсын»,* – деп[2], саусағын сілекейімен ылғалдап, туған жердің топырағына тигізіп, науқастың ауырып тұрған жеріне басып, дұға жасаған. Ендеше туған жерге деген махаббат – Пайғамбардың (с.а.с.) сүннеті. Отанды сүю, қастерлеп, қадірлеу, керек болған жағдайда қызғыштай қорғау – әрбір иманды жанның міндеті.

Алланың Елшісі (с.а.с.): *«Екі көзді тозақ оты шарпымайды: Алладан қорқыныштан жылаған көз бен Алла жолында елін күзеткен көз»,* – деген[3]. Бұл тұрғыда халық даналығы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді. Елін, жерін қызғыштай қорғау, қоғам қауіпсіздігін сақтау – әрбір иманды ердің борышы. «Отанды сүю – иманнан» деген

қанатты сөз де бар.

Кез келген мекен мен уақыт сол мекен мен кезеңде жасалған істерге байланысты маңыздылыққа ие болады. Сондықтан ата-бабаларымыз ислам дінін сонау ерте ғасырларда қабылдап, ислам мәдениетіне өзіндік үлестерін қосқан мұсылман қазақ елі мен жері, осы жерде өмір сүрген азаматтар үшін қасиетті де қастерлі болмақ. Шекарасы белгілі, сыртқы жаудан қорғалған, дүние-мүлік, жан, ар-намыс пен ар-ождан бостандығы қамтамасыз етілген ел мұсылманның отаны саналады. Мұндай жерде тұрып жатқан мұсылман баласына сыртқы және ішкі шабуылдардан отанын қорғау парыз болып табылады. Ислам шарифаты бойынша мумин жан дінін, өмірін, ақылын, ар-намысы мен мал-мүлкін қорғауы тиіс. Бұл өз кезегінде мал-жаны қорғалған, еркін түрде өмір сүріп жатқан жері мен елін қорғау арқылы ғана жүзеге асады.

Біздің Отанымыз – Қазақстан, байырғы қазақ жері. Хақ Тағала қазақтың маңдайына нәсіп еткен бұл кең байтақ атамекенді мұсылманшылықтан ешқашан айнымаған ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен, иманның нұрымен қорғады. Кейінгі ұрпаққа мұра етіп, аманат етіп қалдырды. Енді сол Отанды қорғау – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты баянды ету – бүгінгі ұрпақтың, мұсылман қазақ баласының азаматтық әрі діни міндеті.

Алла Тағала Отанымыздың тәуелсіздігін баянды етсін! Ел тыныштығы мен тұрақтылығы үшін еңбек етіп жүрген ерлердің ісіне береке берсін!

ҚМДБ-ның шарифат, пәтуа бөлімі

[1] Хаким, Табарани, Бәйһақириуаят еткен.

[2] Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

[3] Термези риуаят еткен.

**ОБЛЫС, ҚАЛА, АУДАН ИМАМДАРЫНЫҢ
ТІЗІМДЕРІ**

Р/с	Аты-жөні	Қызметі	Байланысы
1.	Ахметжан қажы Керімбек	Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы	oko-meshit@mail.ru akhmetzhan_73@ mail.ru 8701-710-98-85 Тел: 45-33-38
2.	Естеміров Мұхамеджан	Облыс имам орынбасары	8701-402-79-99
3.	Қарақұлов Еркебұлан	Облыс имам орынбасары	8702-741-61-22
4.	Әміре Бекайдар	Облыс имам орынбасары	8701-705-29-69
5.	Дәрібаев Талғат	Облыс имам орынбасары	8702-527-97-57
6.	Қымбатов Бағайдар	Облыс имам орынбасары	8701-333-34-67
7.	Мақсұтов Сержан	Іс басқарушы	8701-368-66-66
8.	Сапарқұлов Өркен	Зекет қорының жетекшісі	8775-993-25-71
9.	Бақдәулет Абдурахманов	Шымкент қалалық «Абдул Хамид Қаттани» мешітінің имамы	meshit_kattani@mail. ru, nurjan0420@mail. ru, aaa.bbb077@mail. ru, 8701-727-20-97 Тел: 53-99-19

10.	Сыздықов Бекзат Оқапұлы	Мақтарал аудандық «Нұғман» мешітінің имамы	bekzatmuslim@mail. ru 8701-408-57-51
11.	Көбеков Омар Елеуұлы	Түркістан қаласы «Түркістан - Ахмет Яссауи» мешітінің имамы	tur_a.yassawi_ meshit@mail.ru tur_ hiluet.meshet@inbox. ru 8701-286-24-12
12.	Панов Исмайл Ыдырысұлы	Кентау орталық мешітінің имамы	kentau-meshiti@mail. ru, ismail.com.kz@ mail.ru 8701-746-67-47
13.	Биімбетов Серік	Отырар аудандық «Арыстан баб» мешітінің имамы	otrar.basimam@mail. ru 8771-671-91-21
14.	Әшірбай Бастарбек Саламатұлы	Ордабасы аудандық «Дәулеталыұлы Бегалы» мешітінің имамы	darhan_79@bk.ru 8702-190-93-53
15.	Кенжебаев Қанат	Сарыағаш ауданы орталық «Сарыағаш» мешітінің имамы	saryagashmeshiti@ inbox.ru 8702-380-55-58
16.	Полатов Еркін Тұрғынұлы	Қазығұрт ауданы «Мұсылмандар» мешітінің имамы	kazgurt22664@mail. ru 8702-157-54-28

17.	Жұмәділлев Рахматулла Наширұлы	Сайрам ауданы «Ынтық Иманалиев» мешітінің имамы	iyntikimanaliev@ mail.ru akbulak.mechet@ bk.ru 8775-957-99-73 8725-31-20-614
18.	Ерменбаев Руслан Бубейевич	Түлкібас ауданы «Түлкібас ата» мешітінің имамы	ezhupanbaev@mail. ru 8701-868-52-53
19.	Анарбаев Самат Сапарханұлы	Төлеби аудандық «Нұр»мешітінің имамы	tulebinur@mail.ru 872547- 6-17-00
20.	Абдулкамалұлы Абдулкарим	Арыс қалаласы орталық «Ысқақ» мешітінің имамы	abdulkarim79_79@ mail.ru 8701-452-57-93
21.	Байниязов Серғали Жақсымұлы	Бәйдібек ауданы «Нақыпбекұлы Әуен» мешітінің имамы	baid-meshit@mail.ru 8778-265-75-43
22.	Қызыханов Руслан	Созақ ауданы Шолақорған мешітінің имамы	sozak_meshit@mail. ru 8775-778-00-02
23.	Данияров Асылхан Қасымұлы	Шардара орталық мешітінің имамы	shardara.meshit@ list.ru 8702-420-15-13

**ОҚО ОРТАЛЫҚ МЕШІТІНІҢ
РЕСМИ САЙТЫ
www.oko-meshit.kz**

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы			
1.	Кеңсе, қабылдау бөлімі	Алматы қаласы, Пушкин көшесі 16 үй.	тел/ факс: 8 (7273) 97-63-86 8 (7273) 97-63-97 Эл. поштасы: <u>dumkaz@mail.ru</u>
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төл басылымдары			
2.	«Иман» журналы	Редакцияның мекен-жайы: Алматы қаласы, Пушкин көшесі 16 үй.	тел/ факс: 8(7273) 97-63-84 8(7273) 97-63-91 8701-140-88-37 Iman-kz@mail.ru
3.	«Ислам және өркеніет» газеті	Редакцияның мекен-жайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 36 үй.	8701-610-57-26 8(7172) 44-58-33 Эл. Астанада: тел/ факс 8-7172-44-58-33 пош: e-mail: <u>islam_</u> <u>publish@mail.ru</u> Ресми сайты: www.islam- orkeniet.kz
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты			
3.	www.muftyat.kz	050016, Алматы қаласы, Пушкин көшесі 16 үй.	тел/ факс: 8 (7273) 97-63-86 8 (7273) 97-63-97 Эл. поштасы: <u>muftyat@mail.ru</u>

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
фатуа бөлімінің сайты**

4.	www.fatua.kz	Алматы қаласы, 050016, Маметова көшесі, №1б	Телефон: +7 727 397 63 97, +7 727 397 63 84 Факс: +7 727 397 63 86
----	---------------------	---	---

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының оқу орындары

	«Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университеті	Мекен-жайы: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 73; «Академиялық қалашық» аялдамасы; № 63,127, 136, 86 автобустары.	8(727) 269-51-90 8(727) 269-51-92 8(727) 269-51-97 Факс 8(727) 269-51-95 8(727)2 69-52-05
	Республикалық Имамдардың білімін жетілдіру Ислам институты (2-айлық)	Алматы қаласы, Тұрғұт Озал көшесі №245	8(727) 392-43-03 8775-400-09-00 islam-institut@mail.ru
	«Әбу-Ханифа» медресесі	Алматы қаласы, Пушкин көш., 12.	Тел./ф.:8(727)397-63-00 daniyarZholdybai@mail.ru ,
	«Астана» медресесі	Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36	Тел.: 8(7172) 24-30-44, 24-40-47 Факс: 8 (7172) 24-46-29 astana-medrese@mail.ru
	«Шымкент» медресесі	Шымкент қаласы, Рекордная өткелі, 4-үй	Тел.: 8 (7252) 53-86-72 Факс: 8(7252)53-86-74 8702-393-59-72 nurlybeki@mail.ru

«Әбу Бәкір Сыддық» медресесі	Павлодар қаласы, Мүткенов көшесі 52/2	Тел.:8 (7252) 63-03-10
«Үшқоңыр» медресесі	Алматы облысы, Шамалған ауылы, Жібек жолы көшесі, 164	Тел./ф.:8(727-71) 5-60-12 serikbol-1971@mail.ru
«Орал» медресесі	БҚО, Орал қаласы, Досмұхамедов көшесі, 22	Тел.:8(7112)50-40-02 Факс:8 (7112) 54-12-20 Asylbek. Nauryzov@mail.ru
«Ақтөбе» медресесі	Ақтөбе қаласы, Әбілқайырхан даңғылы, 92	Тел.:8(713)376-81-45
«Сарыағаш» медресесі	ОҚО, Сарыағаш ауданы, Ынтымақ елді мекені	Тел.: 8(725) 375-52-92 kazmedrese@mail.ru
«Ғибатұлла Тарази» медресесі	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төлеби көшесі	Тел.: 8(7262) 57-03-63 zhambyl-taraz@mail.ru
«Қауам ад-Дин әл- Итқани әл-Фараби ат-Түркістани» қарилар ортылығы	Ақмола облысы, Қосшы елді мекені	Төлеби +7701 705 75 47 tolebi81@mail.ru
«Ықылас» қарилар орталығы	ОҚО, Шымкент қаласы, Теріскей (Север) м/а н/с.	Тел.: 8 (7252) 37-31-32 ihlas85@mail.ru halekekz@mail.ru

**“ШЫМКЕНТ” МЕДРЕСЕСІНЕ
ТҮСЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР**

1. Директор атына жазылған өтініш
2. Облыс, аудан имамының ұсынысы
3. Өмірбаяны
4. Аттестаты немесе диплом (түпнұсқасы)
5. Көлемі 3x4 сурет (6 дана)
6. Жеке куәлігінің (көшірмесі)
7. № 086-У, флюра
8. № 063 үлгідегі дәрігерлік анықтама
9. Анықтама (психодиспансерден)

**“ЫҚЫЛАС” ҚАРИЛАР ДАЙЫНДАУ
ОРТАЛЫҒЫНА ОҚУҒА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАР
ТАЛАПТАР**

1. Директор атына жазылған өтініш
2. Облыс, аудан имамының ұсынысы (мінездеме түрінде)
3. Өмірбаяны (талапкердің өз қолымен жазылуы тиіс)
4. Орта білімі туралы аттестаты (түпнұсқасы)
5. Көлемі 4x5 сурет (6 дана)
6. Жеке куәлігінің (көшірмесі)
7. 086-У үлгідегі дәрігерлік анықтама
8. Сотталмағандығы туралы анықтама
9. Талапкердің жасы 25-тен аспауы тиіс

**ШЕТ ЕЛГЕ ОҚУҒА БАРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ
ҚҰЖАТТАР**

Талапкер шетелдік оқу орнына шығу үшін келесідей құжаттарды ұсыну қажет:

1. ҚМДБ төрағасы, Бас Мүфтидің атына жазылған өтініш;
2. Ата-анасының, немесе заңды қамқоршысының қарсы еместігін дәлелдейтін арызы;

3. Жергілікті әкімшіліктердің рұқсат қағазы;
4. Толық емес орта немесе орта білім алғандығы туралы дипломның көшірмесі;
5. Жергілікті Ішкі істер басқармасынан арнайы алдын алу есептерінде тұрмағандығы туралы анықтама, учаскелік полиция қызметкерінен мінездеме;
6. Жергілікті наркологиялық және жүйке аурулары диспансерлерінің есептері бойынша анықтама;
7. Тұрғылықты мекені немесе тіркелу мекені туралы анықтама (адрестік бюро анықтамасы);
8. Сотталмағандығы туралы анықтама;
9. Фотосурет - 3,5*4,5 – 4 дана;
10. Төлқұжатының және жеке куәлігінің көшірмесі;
11. Жергілікті ҚМДБ өкіл имамының ұсынысы;

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды толық жинағаннан кейін талапкер ҚМДБ-ның орталық аппаратына келіп, сараптау комиссиясының тексеруінен өтіп, оның қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

- Сараптау комиссия мүшелері талапкерге сұрақ қою, тестілеу, сұхбаттасу немесе басқадай заңды әрекеттер арқылы оның білім деңгейін, психологиялық төзімділігін, шетелдік оқуға жарамдылығын анықтап, арнайы бланкіге қол қою арқылы өзінің пікірін білдіреді.

- Талапкер шетелдік діни оқу орнын таңдау барысында Ханафи мәзһабы мен Матрудия ақидасына негізделген діни оқу орнына түсу қажет. ҚМДБ-ның діни саясатына қайшы келетін шетелдік теологиялық оқу орындарына жолдама берілмейді.

- Талапкер діни оқу орнына жолдама алған кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелге шығу (виза) мәселелерін толық шешіп, өзіне ұсыныс берген ҚМДБ өкіл имамына хабарлауы қажет.

- Талапкер қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді демалыс уақытында елге оралған кезінде өкіл имамға жолығып, сабақ процесі мен басқадай маңызды тұрмыстық мәселелер бойынша мәліметтерімен бөлісу қажет. Өкіл имам өз тарапынан аталған мәліметтерді топтастырып, ҚМДБ орталық аппаратына хабарлама жолдап отырады.

- Шетелдік теологиялық оқу орнын бітіріп келген талапкер ҚМДБ-ның құрамында жұмыс істеу үшін шетелдік дипломын нострификациядан өткізіп, қосымша сараптау комиссиясымен сұхбаттасудан өтеді. Оның нәтижесі бойынша тиісті шешімдер қабылданатын болады.

- Осы ережелерде көрсетілген талаптармен келіспеген талапкерге шетелдік теологиялық оқу орнына жолдама берілмейді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқарамасына қарасты мешіттерге қызметке орналасу үшін талап етілетін құжаттардың тізбесі

1. Жеке іс парағы (өз қолымен толтыру керек)
2. Өмірбаян (өз қолымен жазу керек)
3. Дипломы (нот. куәландыру керек)
4. Мінездеме (арнайы мекеменің мінездемесі мен мөрі басылу керек)
5. Ұсыныс (Аудан, қала имамының атынан)
6. Өтініш (ҚМДБ төрағасы, Бас мүфтидің атына)
7. Жеке куәлігінің көшірмесі
8. Анықтама (наркодиспансерден)
9. Анықтама (психодиспансерден)
10. Анықтама (Құқықтық және статистика орталығы (ЦПиС))
11. Фотосурет, 3 x 4 (4 дана), (сурет діни басқарма ұсынатын арнайы сәлде- шапанда түсірілуі тиіс)
12. Аттестат (нот. куәландыру қажет)
13. Еңбек кітапшасы

Кезекті еңбек демалысына рұқсат алу өтінішінің үлгісі

**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти
Ержан қажы Малғажыұлы хазретке,**

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы,
Ерман ауылындағы “Мырзақұл ата” мешітінің
имамы У. Шиндаулиевтен**

**ӨТІНІШ
Құрметті мүфти хазрет!**

Менің 2015 жылғы кезекті еңбек демалысын осы жылдың 20 тамызынан бастапалуымарұқсат беруіңізді өтінемін.

Осы аралықта бас имам міндетін уақытша атқаруды найб имам Т.Иманалиевке жүктеуді ұсынамын.

Өтініш иесі: (қолы) **У. Шиндаулиев**
05.08.2015 ж.

Ескерту: *Өтініш берушінің өз қолымен жазылады.*

Қажылық парызды өтеп қайту үшін берілетін өтініштің үлгісі

**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти
Ержан қажы Малғажыұлы хазретке,**

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы,
Ерман ауылындағы “Мырзақұл ата” мешітінің
имамы У. Шиндаулиевтен**

ӨТІНІШ

Құрметті мүфти хазрет!

Мені 2015 жылдың 10-30 қыркүйегі аралығында Исламдағы бес парыздың бірі - үлкен қажылықты өтеп қайту үшін Сауд Арабиясы Корольдігінің Мекке, Мадине қалаларына сапарға шығуға рұқсат беруіңізді өтінемін.

Осы аралықта бас имам міндетін уақытша атқаруды найб имам Т.Иманалиевке жүктеуді ұсынамын.

Өтініш иесі:
5.08.2015 ж.

(қолы)

У. Шиндаулиев

Ескерту: Өтініш берушінің өз қолымен жазылады.

МЕШІТ САЛУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

- Ауыл округі әкімшілігінен мешіт жоқ екенін анықтайтын анықтама;
- Жергілікті халықпен өткізілген жиналыс хаттамасы;
- Жергілікті халықтың ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы хазреттің атына (кемі 25 адам қол қойылған өтініш) жазылған өтініші;
- Мешіт салушы азаматтың жеке куәлік көшірмесі және кепілдеме хаты

Мешіт салуға рұқсат алу үшін ҚМДБ-ға ұсыныс жазу үлгісі

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы
хазретке**

ҰСЫНЫС
Құрметті мүфти хазрет!

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Оранғай ауылдық округі, Бостандық елді мекені, М.Қазыбеков көшесі №23 мекен-жайына ауыл жамағатының сұранысына орай, аталмыш ауылдың тумасы (жеке кәсіпкер, ЖШС директоры) Ж.М.Бекжігітов заман талабына сай мешіт ғимаратын салуға ниет білдіруде.

Осыған орай, Ж.М.Бекжігітовке аталмыш ауылға мешіт салуға рұқсат беруіңізді ұсынамын.

Негіз: Ж.М.Бекжігітовтың (12.03.2014ж.) кепілдеме хаты.

Ізгі құрметпен,

**Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының Оңтүстік Қазақстан
облысы бойынша өкіл имамы**

А.Керімбек

Орын: М.Естеміров., 45-33-38

Мешіт салушының ҚМДБ-ға кепілдік хат жазу үлгісі

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы
хазретке**

Кепілдік хат

Мен мешіт салушы Бекжігітов Жәнділлә Мамытханұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Оранғай ауылдық округі, Бостандық елді мекені, М.Қазыбеков көшесі № 23 мекен-жайына өз қаржыммен ауыл жамағатына мешіт ғимаратын салып беремін. Осы мәселеге байланысты Сізден өз рұқсатыңызды беруіңізді сұраймын.

Мешіттің толық құрылысын аяғына дейін қамтамасыз етіп, құрылыс жұмысы біткен соң мешітті ҚМДБ-на филиал етіп, имам мен мешіт атауы мәселесін ҚМДБ-ның құзырына қалдыруға кепілдік беремін.

Осы нотариаттық іс-әрекетті жасаған кезде мен, өзімнің әрекет қабілеттілігім шектелген деп танылған еместігімді, өзіме қорғаншылық, қамқоршылық, патронаттық белгіленбегенін, алкогольдік немесе есірткілік масаю халінде еместігімді, өзімнің құқықтарымды қорғап, міндеттерімді орындай алатынымды, қол қойған құжатымның мәнін түсінуге кедергі келтіретін аурумен ауырмайтынымды, сондай-ақ алдау, жаңылысу, қорқыту немесе теріс ниетті келісімдердің ықпалында еместігімді мәлімдеймін.

ҚР «Нотариат туралы» заңының 79 бабының мазмұны, 18 бабының 1 бөлімі 2 тармағының мазмұны маған нотариуспен түсіндірілді. Осы құжаттың мазмұнын өзім нотариустың көзінше оқыдым, ескертуім жоқ. Осы құжаттың мәні мен мағынасы маған түсінікті, менің ниеттеріме сәйкес келеді.

Жасалынатын нотариаттық іс-әрекеттің құқықтық салдары маған белгілі нотариуспен түсіндірілді.

Өтініш иесі: қолы Ж. Бекжігітов

*(Кепілдеме хат нотариалдық тұрғыдан
қуәландырылу қажет)*



**МЕШІТ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
МІНДЕТТЕРІ**



БЕКІТЕМІН

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ОҚО
бойынша өкіл имамы А.Керімбек
« ____ » _____ 2015ж.

МЕШІТТЕҚҰРАН ОҚУШЫ КЕЗЕКШІЛЕРДІҢ БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Бас имамның бұйрығымен бекітілген жұмыс уақытында орнында отыру.

3. Ашық түсті көйлек, қырлы шалбар, таза ҚМДБ тарапынан бекітілген шапан және басында тақиясы болуы міндетті.

4. Отырған бөлменің тазалығына жіті мән беру.

5. Құран оқытуға келуші азаматтармен әдепті, жылы, сыпайы түрде сөйлесу.

6. Құран оқытуға келуші қыз-келіншектердің әуретті жерлерін жабатын киім киюін бақылап, сыпайылықпен ескерту.

7. Құранды қырағатпен тәжүид ережесіне сай, анық дауыстап оқу.

8. Неке кыйдыру, құдайы ас жиын, жаназа шығару үшін имам сұрап келушілерді арнайы тіркеу журналдарына тіркеп, берген нәзір садақасына бас есепшінің мөрі басылған арнайы квитанциясын толтырып беру.

9. Апталық құран оқу кезекшіліктен мешіт кассасына берілген нәзір садақаны, екінші түпнұсқа квитанциясымен мешіттің бас есепшісіне тапсыру.

10. Кезекшілік уақытында мешітке келуші азаматтарды

және намазхандардың келіп кетуіне жіті мән беріп қадағалау.

11. Белгіленген жұмыс уақыты аптаның **дүйсенбі - жексенбі** күндері сағат: **09:00**-ден **18:00** аралығы. Жұмыс уақытында ескертусіз орнынан ешқайда кетпеу.

12. Міндеттемеде өзіне бекітілген міндетін себепсіз орындамағаны үшін, түсініктеме беру.

13. Бос уақытында қосалқы шаруашылық жұмыстарды атқаруға көмек көрсету.

МЕШІТ ХАТШЫСЫНА БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Бас имамның бұйрығымен бекітілген жұмыс уақытында орнында отырады.

3. Ашық түсті көйлек, қырлы шалбар, басында тақиясы болуы тиіс.

4. Отырған бөлменің тазалығына жіті мән беруі керек.

5. Бас имамға немесе найб имамдарға келуші азаматтарды жылы сыпайы түрде қабылдап, имамдарға естіртіп, қабылдау журналына тіркеу және өз кезектерімен кіргізуі қажет.

6. Келуші азаматтармен әдепті, жылы, сыпайы түрде сөйлесуі тиіс.

7. Барлық басқарма мен жеке азаматтардан және телефакс арқылы келген хаттарды қол қойып қабылдап алып, дер кезінде бас имам бөлмесіне кіргізу және естіртуі тиіс.

8. Бас имам тарапынан берілген тапсырмаларды найб имамдарға және мешіт қызметкерлеріне өз уақытында жеткізуі қажет.

9. Жұмыс уақытында телефон қоңырауына жауап беруі тиіс.

10. Белгіленген жұмыс уақыты аптаның дүйсенбі-жұма күндері сағат: 09:00 -ден 18:00 аралығы, сенбі күні сағат: 09:00-ден 15:00 арасы, ал жексенбі күні демалыс.

11. Жұмыс уақытында ескертусіз орнынан ешқайда кетпеуі керек.

12. Міндеттемеде өзіне бекітілген міндетін себепсіз орындамағаны үшін, түсініктеме беруі тиіс.

13. Бос уақытында қосалқы шаруашылық жұмыстарды атқаруға көмек көрсетуі қажет.

МЕШІТ ҰСТАЗДАРЫНА БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Шәкірттерді ата-анасының Бас имамның атына жазылған өтініш хаты және туу туралы куәліктің көшірмесімен қабылдайды.

3. ҚМДБ-ның бекіткен бағдарламасы бойынша сабақ береді.

4. Бағдарлама негізінде жылдық жоспар жасайды және бекітіреді.

5. Сабақ кестесін және уақытын жасап, бас имамға бекітіреді.

6. Тоқсан сайын және жыл аяғында бас имамға есеп береді.

7. Облыстық және қалалық Құран жарысына шәкірттер дайындайды.

8. Тәжуидпен оқудан Құран жарысын ұйымдастырады.

9. Құранды тез жаттайтын дарынды шәкірттермен арнайы бөлек топ ашып сабақ өтеді.

10. Шәкірттерді өңірдегі киелі, айтулы жерлерге зиярат жасатып саяхат ұйымдастырады.

11. Бос уақытында қосалқы шаруашылық жұмыстарды атқаруға көмек көрсету.

МЕШІТ КҮЗЕТШІЛЕРІНЕ БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Бас имамның бұйрығымен бекітілген жұмыс уақытында орнында отырады.

3. Күнделікті «Күзет кезекшілігі» журналына кабылдап алып, өткізгенді туралы қол қояды.

4. Мешіттің барлық мүліктеріне күзетшілік уақытында жауапты болады.

5. Мешіт ішінде тәртіптің, әдептің сақталуын қадағалайды.

6. Құптан намазынан соң намазхандардың толық мешіттен шығып кетуін бақылап, мешітке кіріс қорғанының есіктері мен мешіттің барлық есіктерін құлыптайды.

7. Таң намазының азаны айтылған соң, намазға келушілерге мешіт және дәретхана есіктерін ашады.

8. Мешітке келуші жамағатпен және мешіт қызметкерлерін іздеген кісілерге, сыпайлық көрсетіп, көмек береді.

9. Мешітке келуші қыз-келіншектердің әуретті жерлерін жабатын киім киуін бақылап, сыпайылықпен ескертеді.

10. Бос уақытында қосалқы шаруашылық жұмыстарды атқаруға көмек көрсетеді.

МЕШІТТІҢ ШАРУШЫЛЫҚ МЕНГЕРУШІСІНЕ БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Мешіттің (жылжымалы, жылжымайтын) мүліктерін есепке алады.

3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

4. Күрделі жөндеу жұмыстарын анықтап, оны іс басқарушыға баяндайды.

5. Сатып алынған немесе сыйға келген заттарды есепке алады.

6. Мешіт қызметіне қажетті кеңсе заттарын уақытылы қамтамасыз етеді.

7. Мешіт мүлкінің бүлінуіне жол бермейді.

8. Мешіт ауласындағы әртүрлі ағаштарға және жасыл желектерге, уақытымен арнайы су бұрқақтарды іске қосып отырады.

9. Мешіт ауласына арнайы өсірілген шөптердің (газон) уақытымен қырқылуын қадағалайды.

10. Мешітте және дәретханада қысы-жазы жылы су болуын қадағалайды.

11. Мешіт ішіндегі санитарлық-гигиениалық жағдайды қалыптастырады.

12. Авто көліктің тоқтаусыз жұмыс істеуін қадағалайды.

13. Мешітте жылу және жарық энергиясының сөніп калуын және ысырап болмауын қадағалайды.

14. Мешіт телефонының 24 сағат жұмыс істеуін қадағалайды.

15. Жыл аяғанда мешіттің тозған немесе жұмыс істемей қалған мүліктерін, арнайы инвентаризация комиссиясына уақытылы ұсынып, есептен шығарып отырады.

16. Бос уақытында қосалқы шаруашылық жұмыстарды атқаруға көмек көрсетеді.

МЕШІТ ТАЗАЛЫҚШЫЛАРЫНА БЕКІТІЛГЕН МІНДЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жарғысын басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

2. Жұмыс уақыты сағат: 06:00-09:00 және 15:00-17:00 аралықта атқарады.

3. Мешіттің іші-сыртының тазалығын сақтайды.

4. Мешіт ішін және бөлмелерді желдетіп ауасын жаңартып отырады.

5. Күделікті мешіт ішінде ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізеді.

6. Арнайы шаңсорғыштарды ұқыпты, таза қалпында пайдаланады.

7. Даретханалардың санитарлық нормаға сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

8. Арнайы бөлмелермен оқу бөлмелеріне екі күнде бір ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізіп, бөлме гүлдеріне су құйады.

9. Тазалау кезінде мүліктердің қыйрау үстінде тұрғандары байқалса, дер кезінде мешіттің шаруашылық меңгерушісіне ескертеді.

10. Мешітке келушілермен әдепті сыпайы түрде сөйлеседі.

МЕШИТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҮШІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Жинақтаған: Мұхамеджан Естеміров,
облыс имамының орынбасары, дінтанушы

Редакторы Е.Жұмаш
Корректоры С.Мақсутов
Тех.редакторы А.Жауһаров

**Басуға берілген 10.07.2015 ж.
Баспа табағы 2 . Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №.150
Бағасы келісім бойынша.
«АЗИАТ» баспаханасында басылды.
Шымкент қ, Ғ.Иляев көш. 18, офис-108.**